

Кома (терең ұйқы)





Кома (грек тілінен аударғанда терен ұйқы) оянбайтындай, ешқандай сыртқы әсерлерге (ыстық, суық, жарыс, дауыс) жауап реакциясы болмайтын жағдай. Комалық жағдай құбылмалы келеді, кез келген уақытта адам өлімге кетуі мүмкін.

Сана сезім жағдайының түрлері:

- ❖ Ашық сана
- ❖ Бұлыңғыр сана науқас сұраққа дұрыс жауап бергенмен, қоршаған айналасын анықтай алмайды.
- ❖ Ступор (stupor) науқас қоршаған ортасын түсіне бермейді, сұраққа салбырт жауап береді.
- ❖ Сопор (sopor) науқас үнемі жатады да, тек қатты дыбыстан не айғалағанда ғана жауап береді.
- ❖ Кома (coma) науқастың ес түссіз, санасыз күйі, кейде рефлексдер мүлдем жоғалтады.


Кома түрлері:

- Уремиялық кома
- Бауырлық кома
- Гипергликемиялық кома
- Гипогликемиялық кома
- Маскүнемдік кома
- Апоплексиялық кома
- Эпилепсиялық кома


Апоплектикалық кома. Бас миының қантамырларының жедел бұзылыстарынан. Геморрагиялық инсульт кезінде де байқалады. Көбінесе жасы ұлғайған адамдарда, жүрек, қантамыр ауруларында кездеседі. Миға қан құйылғанда болады, арудың беті күрең тартып, дем алысы тереңдеп, шуыл пайда болады.

Бауырлық кома. Бауыр қызметі әлсіреген шақта дамиды. Алдымен психикалық аурулар (невроз, ұйқы бұзылуы, эйфория, депрессия) ретінде байқалуы мүмкін.


Гипоксиялық кома. Жүрек миокард инфарктінде, оттегі жетіспеушіліктен және құнарлы заттар жетіспеушілігінен болады. Өте жедел оттегі жетіспеушіліктен ми жасушалары 5 минутта өле бастайды. Бір себебі болып тромбоэмболия жатады. Тромб артерияны бітеп, содан оттегі жетіспей жүрек тоқтайды. комадағы науқастың мойны, аяқ қолдары көгереді, науқас бірнеше минут ішінде өліп кетуі мүмкін.




Эпилепсиялық кома.
(Қояншық комасы)
қояншық ауруы
болған науқастарда
ауруларының асқыну
нәтижесінде дамидын
патологиялық үрдіс.



Маскүнемдік кома. Маскүнемдік
(алкоголдік) кезінде аурудың
аузынан арақтың иісі шығып тұрады.



Уремиялық кома. Бүйрек ауруларында
(пиелонефрит, жедел бүйрек жетіспеушілігі)
кездеседі. Кома біртіндеп дамиды бас ауру,
анемия, бозару, құлақ шуылы болады. Бұл
организмнен азоттық қалдықтардың
шығарылуы нашарлағаннан пайда болады.
Науқастың аузынан аммиак иісі шығады
терісінде тұзды кристалдар көрінеді.



**Гипогликемиялық
кома.** Гипогликемиялық команы
тудыратын негізгі себеп бас
миының көмірсутегінің
жеткіліксіздігінен қызметінің
нашарлауы болып табылады. Оны
тудыратын жағдайларға: улану
(хлорпропамид, тобутамид), ұйқы
безінің өспесі (инсулома), асқазан
резекциясынан кейінгі демпинг
синдромы, нефрогендік себептер,
бүйрек қызметінің жеткіліксіздігі,
организмнің әр түрлі себептерімен
көмірсутегінің қажетті мөлшерден
аз болуы.

Команың сатылары:

- 1 саты (жеңіл түрі) бұл кезде естің болмауы, жарық пен дауысқа реакциясы жоқ, бірақ ауырсыну мен нашатырыға реакция бар. Көздің фотореакциясы әлсіз, бұлшық ет тонусы бұзылған, жұтынуы қиын, еріксіз қимылдар байқалады.
- 2 саты (орташа саты) бұл кезде де сананың бұлыңғырт болуы, сіңір рефлекстері күрт төмендеген, көз фоторецепторы әлсіреген, жамбас ағзалардың қызметі бұзылған, патологиялық дем алу байқалады.
- 3 саты (атониялық кома) сананың толықтай жоғалуы, рефлекстердің мүлдем болмауы, патологиялық дем алу болады.
- 4 саты (асқынған кома) өздігінен дем алу бұзылған, бас миының биоэлектрлік белсенділігі бұзылғанына байланысты жүрек қантамыр қызметі де бұзылған.

Команы анықтау

Команың балық әлемде таралуына байланысты оларды анықтауда ГЛАЗГО шкаласы қолданылады.

Команы анықтау үшін арналған глазго шкаласы

| Белгі | балл | Реакция мінезі |
|--------------------------|------------|------------------------|
| Көздерін ашу | 4 | Өз бетімен |
| | 3 | Бұйрық бойынша |
| | 2 | ауырсынуына |
| | 1 | жоқ |
| Ең жақсы ауызша жауап | 5 | Толық сайма сай |
| | 4 | Қиыншылықпен |
| | 3 | Дұрыс емес |
| | 2 | Былдыр былдыр |
| Ең жақсы қимыл реакциясы | 1 | жоқ |
| | 6 | Толық сайма сай |
| | 5 | Ауырсыну жерінде |
| | 4 | Ауырсынуына тартып алу |
| | 3 | Ауырсынуына бүгу |
| | 2 | Ауырсынуына созу |
| 1 | Жауабы жоқ | |

Глазго шкаласы бойынша нәтижесін бағалау: 15 балл -анық сана

- 13-14 балл бұлыңғыр
- 9-12 балл сопор
- 4-8 балл кома
- 3 балл соңғы кома
- Коматозды жағдайдағы науқастарда айқын гипоксия байқалады. Жүрек қантамыр ауруларында гипоксияның бірнеше түрлерін ажыратады.



НАЗАРЛАРЫҢЫЗГА
РАХМЕТ!!!!